

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**

**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және
отбасымен жұмыс»**

педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Қордай 2025

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған «Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және отбасымен жұмыс» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама ерте жастағы (0–3 жас) дамуында қатер тобына жататын және дамуында түрлі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандардың кәсіби құзыреттерін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны ерте қолдау қызметін ұйымдастыру мен іске асырудың заманауи ғылыми-негізделген тәсілдеріне сүйенеді және баланың дамуын кешенді, функционалдық және отбасымен серіктестік қағидаттары негізінде қолдауға бағдарланған. Курстың мазмұны трансдисциплинарлы модельге негізделі отырып, әртүрлі сала мамандарының (логопед, дефектолог, психолог, сурдопедагог, әлеуметтік педагог және басқа да ерте қолдау қызметі мамандарының) бірлескен кәсіби әрекетін тиімді ұйымдастыруды көздейді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында ерте қолдау қызметін дамытуға бағытталған қолданыстағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге, инклюзивті және арнайы білім беру қағидаттарына, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру талаптарына сәйкес әзірленген.

Оқыту процесі модульдік құрылымға негізделеді және теориялық білімді меңгеру, практикалық дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ тыңдаушылардың кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұнында баланың дамуын функционалдық бағалау, күнделікті өмірлік жағдайларды (ЕЖС) ескере отырып мақсат қою, жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ ата-анамен консультативтік және серіктестік жұмыс жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ерте жастағы (0–3 жас) балалардың дамуындағы қатер факторларын уақтылы анықтау және оларды тиімді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелері үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Ерте кезеңде көрсетілген сапалы қолдау баланың кейінгі дамуына, әлеуметтенуіне және білім беру үдерісіне табысты қосылуына ұзақмерзімді оң әсер етеді.

Ерте жастағы балалармен жұмыс жүргізудің басты ерекшелігі – бұл кезеңде баланың дамуы тікелей маманмен өткізілетін сабақтар арқылы емес, баланың табиғи ортасында, яғни күнделікті өмірде жүзеге асуында. Үш жасқа дейінгі баланың негізгі әлеуметтік серіктесі, сенімді адамы және дамуын қамтамасыз

ететін басты тұлға – ата-анасы немесе оны күтіп-баптайтын жақын ересек. Осыған байланысты ерте қолдау қызметі баламен ғана емес, ең алдымен оның отбасымен жүйелі, мақсатты және серіктестікке негізделген жұмыс жүргізуге бағытталуы тиіс.

Бағдарламаның өзектілігі ерте қолдауда баланың дамуын бағалаудың Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) қағидаттарына негізделуімен айқындалады. Баланың дамуы тек медициналық диагноз немесе жеке дағдылар жиынтығы арқылы емес, МКФ-ның негізгі домендері бойынша кешенді бағаланады. Бағалау барысында баланың дене функциялары мен құрылымдары, белсенділігі мен қатысуы, қарым-қатынасы, қозғалысы, өзін-өзі күтуі, оқу мен ойыны, әлеуметтік өзара әрекеті, сондай-ақ қоршаған орта факторлары ескеріледі. Бұл тәсіл баланың даму деңгейін оның нақты өмірлік жағдайларындағы функционалдық мүмкіндіктері арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Ерте қолдау қызметінде баланың дамуын бағалау арнайы скринингтік және функционалдық әдістер арқылы жүзеге асырылады және алынған деректер баланың күнделікті өмірлік жағдайларындағы (ЕЖС) әрекеттерін бақылауға негізделеді. Бағалау нәтижелері баланың дамуындағы қажетті бағыттарды анықтауға, оларды сатылы, қолжетімді және өлшенетін қадамдарға бөлуге мүмкіндік береді.

Осы сатыланған бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, бала үшін жеке ерте қолдау бағдарламасы (ЖЕҚБ / ЕЖДБ) әзірленеді. Жеке бағдарлама баланың функционалдық даму деңгейін, күнделікті өмірлік әрекеттерін және отбасының мүмкіндіктерін ескере отырып құрылады. Бағдарламада әрбір даму міндеті нақты қадамдарға бөлініп, сол қадамдарды баланың ата-анасының немесе жақын ересектердің күнделікті өмірде орындауына бағытталған ұсыныстар, кеңестер мен практикалық әрекеттер жүйесі ұсынылады.

Бұл ретте маманның негізгі рөлі баланың дамуын тікелей басқару емес, ата-ананы баланың дамуын қолдаудың негізгі серіктесі ретінде бағыттау, оқыту және қолдау болып табылады. Ата-анамен жүргізілетін жұмыс баланың күнделікті өміріне енгізілетін нақты әрекеттер арқылы жүзеге асырылады және дамытушы ықпалдың үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Алайда практикада ерте жастағы балалармен жұмыс барысында МКФ қағидаттарына негізделген бағалау, ЕЖС тұрғысынан мақсат қою және ата-ананы дамытушы үдерістің белсенді орындаушысы ретінде тарту жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Бұл ерте қолдау қызметінде диагностиканың фрагментарлы жүргізілуіне және қолдаудың тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Ұсынылып отырған бағдарлама осы мәселелерді шешуге бағытталған және ерте жастағы балаларды қолдауда МКФ негізіндегі функционалдық бағалау, сатыланған мақсат қою, күнделікті өмірлік жағдайларға енгізілген интервенциялар және ата-анамен серіктестікке негізделген жұмысты кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпыұлттық басымдықтармен және әлемдік үрдістермен байланысы

«Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және отбасымен жұмыс» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасында балалардың ерте дамуын қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарымен және халықаралық ғылыми-негізделген үрдістермен тығыз байланысты.

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған инклюзивті білім беруді дамыту, дамуында ерекшеліктері бар балаларды ерте анықтау және оларға кешенді қолдау көрсету міндеттерін іске асыруға бағытталған. Аталған тұжырымдамада ерте жастағы балаларға көрсетілетін қолдаудың сапасын арттыру, сондай-ақ осы салада жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттерін жүйелі дамыту негізгі басымдықтар қатарында белгіленген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында ерте жастағы балаларға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық негіздермен үйлеседі және білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің өзара ықпалдастығын көздейтін кешенді тәсілді қолдайды. Бұл өз кезегінде ерте қолдау қызметін фрагментарлы емес, біртұтас, жүйелі және отбасына бағытталған модель ретінде іске асыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық деңгейде бағдарлама Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мен ЮНИСЕФ ұсынымдарында бекітілген ерте араласудың маңыздылығы туралы қағидаттармен үндеседі. Аталған құжаттарда ерте жаста көрсетілген сапалы қолдау баланың когнитивтік, әлеуметтік-эмоционалдық және коммуникативтік дамуына ұзақ мерзімді оң әсер ететіні, сондай-ақ қоғамға толыққанды қатысу мүмкіндігін арттыратыны көрсетілген.

Бағдарламаның мазмұны халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) қағидаттарына негізделген. МКФ баланың дамуын тек медициналық немесе педагогикалық көрсеткіштер арқылы емес, оның белсенділігі, әлеуметтік қатысуы, қарым-қатынасы және қоршаған орта факторларымен өзара әрекеті арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл баланың күнделікті өмірлік жағдайларына (ЕЖС) бейімделген қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірибеде ерте қолдаудың тиімді моделі ретінде отбасына бағытталған және трансдисциплинарлы тәсіл кеңінен танылған. Бұл модельде ата-ана баланың дамуын қолдаудың негізгі қатысушысы ретінде қарастырылады, ал мамандардың қызметі ата-ананы бағыттау, оқыту және қолдау арқылы жүзеге асырылады. Ұсынылып отырған бағдарлама дәл осы тәсілді ұлттық контексте жүйелі түрде енгізуге бағытталған.

Осылайша, бағдарлама Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтарын, халықаралық ғылыми негізделген тәжірибені және заманауи ерте қолдау философиясын өзара үйлестіре отырып, ерте жастағы балаларға

көрсетілетін қолдау сапасын арттыруға, ата-анамен серіктестікке негізделген жұмысты дамытуға және мамандардың кәсіби құзыреттілігін күшейтуге нақты үлес қосады.

2. Глоссарий

Ерте қолдау қызметі – ерте жастағы (0–3 жас) дамуында қауіп тобына жататын және дамуында бұзылыстары бар балалардың дамуын қолдауға, сондай-ақ олардың отбасыларына кешенді психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және консультациялық көмек көрсетуге бағытталған қызмет жүйесі.

Ерте араласу – баланың дамуындағы қауіп факторларын немесе даму ерекшеліктерін ерте кезеңде анықтап, олардың теріс салдарын азайтуға және баланың әлеуетін дамытуға бағытталған кәсіби ықпал ету жүйесі.

Трансдисциплинарлы тәсіл – әртүрлі сала мамандарының (педагог, логопед, дефектолог, психолог, сурдопедагог, әлеуметтік педагог және т.б.) ортақ мақсатқа бірігіп, кәсіби рөлдердің икемділігін сақтай отырып, баланың дамуын және отбасын кешенді қолдауға бағытталған өзара әрекеттесу моделі.

Трансдисциплинарлы команда – ерте қолдау қызметін іске асыруға қатысатын, бірлескен жоспарлау, ортақ шешім қабылдау, кәсіби жауапкершілікті бөлісу және үйлесімді әрекет қағидаттарына негізделген көпсалалы мамандар тобы.

Бірінші қызмет көрсетуші (Primary Service Provider) – трансдисциплинарлы командада отбасымен негізгі байланыс орнататын, ата-анамен күнделікті өзара әрекетті үйлестіретін және өзге мамандардың ұсынымдарын практикаға енгізуге бағыттайтын жетекші маман.

Функционалдық бағалау – баланың даму деңгейін оның нақты күнделікті өмірлік жағдайларындағы (ЕЖС) белсенділігі, қатысуы, дағдылары және қоршаған орта факторларының ықпалы тұрғысынан анықтауға бағытталған кешенді бағалау процесі.

МКФ (Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі) – адамның функционалдық мүмкіндіктерін, дене функциялары мен құрылымдарын, белсенділігі мен қатысуын, сондай-ақ қоршаған орта және жеке факторлардың ықпалын сипаттайтын халықаралық жіктеу жүйесі.

МКФ домендері – баланың дамуын кешенді бағалауға мүмкіндік беретін функционалдық бағыттар жиынтығы. Ерте қолдау қызметінде бағалау әдетте келесі домендер бойынша жүргізіледі:

- дене функциялары мен құрылымдары;
- қозғалыс және мобилділік;
- қарым-қатынас және тіл;
- танымдық әрекет;
- ойын және оқу әрекеті;
- өзін-өзі күту;
- әлеуметтік өзара әрекет және қатысу;
- бейімделу және мінез-құлық;

– қоршаған орта факторлары.

ЕЖС (Баланың күнделікті өмірлік жағдайлары) – баланың күнделікті өмірінде табиғи түрде жүзеге асатын әрекеттер мен рутиналар (ойын, тамақтану, қозғалу, қарым-қатынас, күтім, тұрмыстық жағдайлар) өтетін орта.

Сатыланған мақсат қою – баланың дамуындағы қажетті дағдыларды қолжетімді, бірізді және өлшенетін қадамдарға бөліп жоспарлау тәсілі, әрбір қадам баланың күнделікті өмірінде қолдануға бағытталады.

ЖЕҚБ / ЕЖДБ (Жеке ерте қолдау бағдарламасы / Ерте жеке даму бағдарламасы) – баланың функционалдық даму деңгейін, МКФ негізіндегі бағалау нәтижелерін, күнделікті өмірлік жағдайларын және отбасының мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленетін жеке бағдарлама. Бағдарлама баланың дамуын қолдауға арналған нақты мақсаттар мен ата-ана орындайтын практикалық қадамдарды қамтиды.

Функционалдық мақсаттар – баланың күнделікті өмірлік жағдайларында қолдана алатын, мағыналы, өлшенетін және практикалық маңызы бар даму мақсаттары.

Ата-анамен серіктестік – ерте қолдау қызметінде ата-аналарды баланың дамуын қолдаудың тең құқылы және белсенді қатысушылары ретінде тартуға негізделген кәсіби өзара әрекет формасы.

Консультативтік жұмыс – ата-аналарға баланың дамуы, тәрбиесі және оқытылуы бойынша ақпараттық, әдістемелік және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған кәсіби қызмет.

Супервизия – мамандардың кәсіби қызметін талдау, қиын жағдайларды саралау, кәсіби күйзелістің алдын алу және қызмет сапасын арттыру мақсатында тәжірибелі маманның жетекшілігімен жүргізілетін кәсіби қолдау процесі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚҚ) – баланың дамуындағы қиындықтарды анықтауға, алдын алуға және түзетуге бағытталған педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік шаралар жүйесі.

Кәсіби рефлексия – маманның өз кәсіби әрекетін, қолданылған әдістердің тиімділігін және кәсіби дамудың бағыттарын саналы түрде талдау процесі.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру ортасында тең мүмкіндіктермен білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесі.

3. Бағдарлама тақырыбы

Ерте қолдау қызметі мамандарының біліктілігін арттыруға арналған «Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және отбасымен жұмыс» бағдарламасының жаңашылдығы ерте жастағы балалардың дамуын қолдаудың қазіргі заманғы ғылыми негізделген модельдеріне көшу жағдайында мамандардың кәсіби құзыреттерін жаңартуға бағытталған жүйелі және практикаға бағдарланған тәсілмен айқындалады.

Дәстүрлі біліктілікті арттыру бағдарламаларынан айырмашылығы, олар көбіне жекелеген түзету бағыттары бойынша білімді тереңдетуге немесе тар кәсіби дағдыларды жетілдіруге бағытталса, ұсынылып отырған бағдарлама ерте қолдау қызметін баланың дамуын кешенді, функционалдық және отбасымен серіктестік тұрғысынан қарастыратын трансдисциплинарлы модель негізінде іске асыруға басымдық береді. Бағдарлама мамандарды фрагментарлы қолдаудан баланың күнделікті өмірлік жағдайларында дамуын жүйелі қолдауға көшуге бағдарлайды.

Бағдарламаның маңызды ерекшелігі – ерте қолдау қызметінде баланың дамуын бағалауды медициналық немесе тар педагогикалық көрсеткіштермен шектемей, оның белсенділігі мен қатысуын, қоршаған орта факторларын ескеретін функционалдық тәсіл арқылы жүзеге асыру. Осы тұрғыда бағдарлама мазмұны Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) қағидаттарын практикада қолдануға бағытталған.

Бағдарламаның жаңашылдығы сондай-ақ ерте қолдау қызметіндегі негізгі серіктес ретінде отбасын тануға және ата-анамен жұмыс істеудің консультативтік, оқытушылық және серіктестік формаларын меңгертуге бағытталуымен сипатталады. Бағдарлама аясында ата-аналар баланың дамуын қолдаудың пассивті бақылаушысы емес, ал мамандар нұсқаушы рөлінен серіктес және бағыттаушы позициясына өтеді.

Бағдарламада баланың дамуын қолдаудың заманауи тәжірибесіне сәйкес жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу, функционалдық мақсаттар қою, қолдау нәтижелерін мониторингтеу және бағалау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Бұл мамандардың алған білімдері мен дағдыларын нақты кәсіби жағдайларда тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Бағдарлама мамандардың кәсіби рефлексиясын дамытуға, трансдисциплинарлы команда шеңберінде өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға, супервизия элементтерін қолдануға және үздіксіз кәсіби дамуға дайындықты күшейтуге бағытталған. Бұл ерте қолдау қызметін ұйымдастыру мен іске асыру сапасының артуын және оқыту нәтижелерінің практикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, бағдарламаның тақырыптық бағыты ерте қолдау қызметін ұйымдастырудың заманауи басымдықтарына бағдарлануымен, трансдисциплинарлы модельді, функционалдық бағалауды және отбасымен серіктестікке негізделген жұмысты интеграциялауымен, сондай-ақ мамандардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған айқын практикалық сипатымен айқындалады.

Білім беру жүйесінде баламалардың болуы/болмауын талдау

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ерте жастағы (0–3 жас) балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандардың кәсіби құзыреттерін кешенді дамытуға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары шектеулі көлемде ұсынылған. Қолданыстағы курстар көбінесе арнайы білім беру, инклюзивті оқыту немесе жекелеген түзету бағыттары (логопедия, психология,

дефектология) бойынша құрылған және дамуында бұзылыстары бар балаларды ерте кезеңде қолдауға кешенді көзқарасты қарастырмайды.

Бар бағдарламалардың басым көпшілігі дәстүрлі әдіснамаға негізделіп, көбіне пәнішілік немесе мамандық шеңберіндегі дағдыларды жетілдіруге бағытталған. Мұндай курстарда функционалдық бағалау, отбасымен серіктестік, трансдисциплинарлы модель және МКФ қағидаттарын қолдану секілді қазіргі заманғы тәсілдер сирек қарастырылады немесе фрагменттік сипатта ғана енгізіледі.

Сондай-ақ білім беру жүйесінде ЖЕҚБ (жеке ерте қолдау бағдарламасы), ЕЖС (күнделікті өмірлік жағдайлар), супервизия және командалық қайта жоспарлау мәдениеті сияқты мазмұндар біртұтас әдістемелік жүйеге біріктірілмеген. Бұл мамандардың кәсіби әрекетінде жүйелілік пен практикаға бағытталған жоспарлау қабілеттерінің жеткіліксіз қалыптасуына әкеледі.

Қазақ тілінде әзірленген балама бағдарламалардың болмауы, диагностикалық және әдістемелік ресурстар тапшылығы, сондай-ақ ерте жастағы балаларға бағытталған трансдисциплинарлы тәсілдің жаңадан ендіріліп жатқаны – бұл салада кешенді және заманауи мазмұнға ие бағдарламаларға деген сұранысты айқындайды.

Ұсынылып отырған «Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және отбасымен жұмыс» бағдарламасы мазмұны мен құрылымы жағынан қолданыстағы курстарды қайталамайды. Керісінше, ол олардың мазмұнын толықтырады және кеңейтеді, ерте қолдау қызметінде мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға арналған жаңа әдіснамалық модельді ұсынады. Бағдарлама мазмұны халықаралық тәжірибе мен отандық талаптарға сәйкес құрылып, нақты кәсіби әрекетке бағытталған.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – ерте жастағы (0–3 жас) дамуында қауіп тобына жататын және дамуында бұзылыстары бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттерін арттыру.

Бағдарлама ерте қолдау қызметін трансдисциплинарлы, функционалдық және отбасымен серіктестікке негізделген модель аясында ұйымдастыру және іске асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мамандарда ерте қолдау қызметінің заманауи ғылыми-негізделген тәсілдері туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға, баланың дамуын кешенді қолдауға бағытталған кәсіби әрекеттерді жоспарлау және жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бағдарлама аясында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

Ерте қолдау қызметінің заманауи ғылыми-негізделген қағидаттары туралы жүйелі кәсіби түсінік қалыптастыру.

Ерте жастағы баланың даму ерекшеліктерін, қауіп факторларын және ерте араласудың маңызын кәсіби тұрғыда талдай білуге үйрету.

Ерте қолдау қызметін ұйымдастыруда трансдисциплинарлы модельдің қағидаттарын практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Баланың дамуын МКФ қағидаттарына негізделген функционалдық бағалау арқылы анықтау біліктерін дамыту.

Баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып, сатыланған функционалдық мақсаттар қою және жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ / ЕЖДБ) әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.

Ерте қолдау қызметінде ата-анамен консультативтік, оқытушылық және серіктестік жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдерін меңгерту.

Трансдисциплинарлы команда құрамында кәсіби өзара әрекеттесуді, бірлескен жоспарлау мен келісілген шешім қабылдауды ұйымдастыру қабілеттерін дамыту.

Ерте қолдау қызметінде заманауи педагогикалық, диагностикалық және цифрлық құралдарды мақсатты қолдану құзыреттерін кеңейту.

Тыңдаушылардың кәсіби рефлексиясын дамыту және ерте қолдау саласында кәсіби дамудың жеке траекториясын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны игеру нәтижесінде ерте қолдау қызметі саласында жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби құзыреттілігі жүйелі түрде кеңейіп, баланың дамуын қолдаудың заманауи ғылыми-негізделген моделін практикада іске асыруға дайындық деңгейі артады. Тыңдаушылар ерте қолдау қызметін диагностикалық әрекеттер жиынтығы ретінде емес, функционалдық бағалауға, негізделген кәсіби шешімдер қабылдауға және мақсатты педагогикалық ықпал етуге бағытталған үздіксіз процесс ретінде түсінеді.

Бағдарлама нәтижесінде мамандар баланың дамуын кешенді бағалаудың функционалдық тәсілдерін меңгереді, Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) қағидаттарын және баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып, оның белсенділігі мен қатысу деңгейін кәсіби тұрғыда талдай алады. Бұл баланың дамуын тар диагностикалық көрсеткіштер шеңберінде емес, нақты өмірлік контексте бағалауға мүмкіндік береді.

Тыңдаушылар ерте жастағы баланың даму ерекшеліктеріне скрининг жүргізу, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, тәуекел аймақтарын және жартылай қалыптасқан дағдыларын айқындау негізінде қолдаудың басым бағыттарын дәл анықтай алады. Бағдарлама барысында қалыптасқан бұл біліктер ерте қолдау қызметінде уақытылы және негізделген шешім қабылдауға жағдай жасайды.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде мамандар функционалдық бағалау мен скрининг қорытындыларына сүйене отырып, қысқа мерзімді жеке ерте қолдау бағдарламаларын ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негіздеп әзірлеуге, оларды практикада іске асыруға және нәтижелерін кәсіби талдауға қабілетті болады.

Мұндай тәсіл ерте қолдау қызметінің икемділігін және практикалық нәтижелілігін арттырады.

Бағдарлама нәтижесінде тыңдаушылар трансдисциплинарлы команда құрамында кәсіби өзара әрекеттесудің тиімді модельдерін меңгереді, мамандардың рөлдерін үйлестіру, бірлескен жоспарлау және келісілген кәсіби шешімдер қабылдау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар мамандар ата-анамен серіктестікке негізделген өзара әрекеттесуді жүзеге асырып, отбасын баланың дамуын қолдаудың негізгі ресурсы ретінде тартуға дайын болады.

Бағдарламаны аяқтаған мамандар ерте қолдау қызметінде заманауи педагогикалық, диагностикалық және цифрлық құралдарды мақсатты әрі саналы түрде қолдана алады. Тыңдаушылардың кәсіби рефлексиясы күшейіп, өз қызметінің тиімділігін бағалау, нәтижелерін талдау және ерте қолдау саласында кәсіби дамудың жеке траекториясын айқындау қабілеті қалыптасады.

Осы бағдарламаны меңгеру нәтижесінде ерте қолдау қызметін ұйымдастыру мен іске асырудың сапасы, жүйелілігі және ғылыми-әдістемелік негізділігі артып, бұл баланың дамуына, әлеуметтенуіне және кейінгі білім беру үдерісіне табысты қосылуына тұрақты оң әсер етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыларда курс мақсатына сәйкес кәсіби білімдерді, құзыреттерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағдарламаның мазмұны 6 модульді меңгеруді көздейді.

Модуль 1. Ерте қолдау қызметінің теориялық-әдіснамалық негіздері және трансдисциплинарлы модель	
Модульдің мақсаты Ерте қолдау қызметінің мәні мен құрылымын түсінуге, трансдисциплинарлы тәсілдің теориялық негіздерін меңгеруге және ерте араласу қағидаттарын кәсіби тәжірибеде қолдану біліктерін қалыптастыруға бағытталған теориялық және әдіснамалық дайындықты қамтамасыз ету.	Міндеттері: Модуль аясында келесі кәсіби міндеттерді шешу көзделеді: Ерте жастағы балалармен жүргізілетін қолдау жұмысының мәнін, мақсатын және құрылымын теориялық және әдіснамалық тұрғыдан түсіндіру; Ерте қолдау қызметінің халықаралық және ұлттық даму контекстіндегі орнын, әлеуметтік маңызын және психологиялық-педагогикалық негіздерін талдау; Ерте араласу қызметіндегі негізгі қағидаттармен, оның ішінде отбасына бағытталған, баланың белсенділігіне және қатысуына негізделген тәсілдермен таныстыру; Трансдисциплинарлы тәсілдің мәнін, оның мульти- және интердисциплинарлы модельдерден айырмашылығын, артықшылықтары мен кәсіби ұйымдастыру механизмдерін меңгерту;

	Команда құрамындағы әр маманның (логопед, дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог және т.б.) рөлін, өзара әрекет ету құрылымын және ата-ананың белсенді қатысу қағидатын нақтылау; МКФ (ICF) тұжырымдамасының құрылымын, қағидаттарын және оның ерте қолдау саласындағы қолданылу мүмкіндіктерін теориялық негізде қарастыру; Ерте қолдау қызметінің құқықтық негіздерін (қолданыстағы заңдар, мемлекеттік стандарттар, тұжырымдамалар және ведомстволық құжаттар) кәсіби тұрғыда зерделеу. Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Ерте қолдау қызметінің мәнін, мақсаттарын және құрылымын түсіндіреді, оның білім беру, әлеуметтік және денсаулық сақтау жүйелерімен өзара байланысын сипаттай алады. Ерте жастағы балалармен жүргізілетін жұмыста қолданылатын трансдисциплинарлы тәсілдің ерекшеліктерін, артықшылықтарын және өзге модельдерден айырмашылығын кәсіби тілде талдай алады. Отбасына бағытталған тәсілдің теориялық негіздерін меңгеріп, оны ерте қолдау жүйесіне интеграциялау жолдарын анықтай алады. Трансдисциплинарлы команданың құрамын, әрбір маманның рөлін, кәсіби жауапкершілік аясын және команда ішіндегі өзара әрекеттесу механизмдерін нақты түсінеді. МКФ моделінің құрылымымен және негізгі домендерімен танысып, оны баланың белсенділігі мен қатысуын бағалаудың теориялық негізі ретінде қарастырады. Ерте қолдау қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен, мемлекеттік стандарттармен және стратегиялық бағдарламалармен жұмыс істей алады және оларды кәсіби тәжірибесінде қолдануға дайын болады.
Модульдің сипаты:	Бұл модуль ерте жастағы балаларға арналған психологиялық-педагогикалық қолдаудың заманауи ғылыми көзқарастарына негізделген трансдисциплинарлы тәсілдің теориялық негіздерін қамтиды.

Модуль аясында тыңдаушылар ерте араласу жүйесінің мәні мен маңызын, баланың дамуына ерте жаста әсер ететін факторларды және ерте қолдау қызметінің білім беру, әлеуметтік және денсаулық сақтау жүйелерімен өзара байланысын кешенді түрде қарастырады.

Модуль мазмұны ерте қолдаудың отбасына бағытталған философиясына, трансдисциплинарлы команданың құрылымына және әр маманның кәсіби рөліне талдау жасауға негізделеді. Тыңдаушылар мультидисциплинарлы, интердисциплинарлы және трансдисциплинарлы модельдердің айырмашылықтарын саралай отырып, нақты практикалық мысалдар арқылы трансдисциплинарлы тәсілдің артықшылықтарын меңгереді. Командалық өзара әрекеттесудің тиімді формалары, рөлдерді үйлестіру, бірінші қызмет көрсетуші (Primary Service Provider) ұғымы және ата-ананы толыққанды серіктес ретінде тану модульдің негізгі мазмұнын құрайды.

Сонымен қатар модульде МКФ моделіне ерекше назар аударылады. МКФ-ның құрылымы, қағидаттары және оның ерте қолдау жүйесіне интеграциялануы, баланың белсенділігі мен әлеуметтік қатысуын функционалдық тұрғыдан бағалаудағы рөлі теориялық негізде қарастырылады. Модуль мазмұны отандық және халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттармен, салалық стандарттармен және ерте қолдауға қатысты стратегиялық тұжырымдамалармен сәйкестендірілген.

Бұл модуль тыңдаушыларды курстың келесі практикалық бағыттағы бөлімдерін меңгеруге теориялық тұрғыдан дайындайды және олардың кәсіби көзқарасын, ұғымдық базасын және әдіснамалық дүниетанымын жүйелеуге бағытталған.

2-модуль. Ерте жастағы баланың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері

Модульдің мақсаты Ерте жастағы балалардың (0–3 жас) даму заңдылықтарын, дамуындағы қауіп факторларын және осы кезеңде көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызын түсінуге бағытталған жүйелі кәсіби білім мен түсінікті қалыптастыру.	0–3 жас аралығындағы баланың физиологиялық, когнитивтік, сөйлеу, әлеуметтік және эмоционалдық даму бағыттарын ғылыми негізде сипаттау. Ерте даму кезеңінің биологиялық және әлеуметтік маңызын түсіндіру. Баланың дамуындағы қауіп факторларын (биологиялық, психоәлеуметтік, отбасылық) және олардың даму нәтижесіне ықпалын талдау. Дамуында кешігулер мен бұзылыстардың алғашқы белгілерін ерте кезеңде анықтау критерийлерін қарастыру. Ерте кезеңдегі психологиялық-педагогикалық қолдаудың рөлі мен ерте араласудың тиімділігін дәлелдейтін ғылыми негіздермен таныстыру.
---	--

	Баланың дамуын ерте бағалау мен араласу тәжірибесінде ата-анамен серіктестік қағидатын қолдану маңызын ұғындыру. Модульдің күтілетін нәтижелері 0–3 жас кезеңіндегі баланың дамуының негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда сипаттай алады. Ерте даму кезеңінің маңызын түсініп, дамуға әсер ететін биологиялық және әлеуметтік факторларды атай алады. Баланың дамуындағы қауіп факторларын саралап, даму кешігулерін ерте анықтаудың маңызын негіздей алады. Даму ерекшеліктері бар балаларға ерте қолдау көрсетудің тиімділігін дәлелдейтін ғылыми және практикалық деректермен жұмыс істей алады. Ерте араласу аясында ата-ананың рөлін және отбасы ресурстарын ескере отырып қолдау көрсету қажеттілігін түсінеді. Даму көрсеткіштеріне сүйене отырып, баланың жеке даму траекториясын бағалауға және педагогикалық араласудың алғышарттарын анықтауға дайын болады.
	Модульдің сипаттамасы Бұл модуль ерте жастағы балалардың дамуын түсінудің ғылыми және практикалық негіздеріне бағытталған. Тыңдаушылар баланың алғашқы үш жасында жүретін физиологиялық, когнитивтік, тілдік және әлеуметтік-эмоционалдық дамудың негізгі заңдылықтарымен танысады. Ерте жастағы даму кезеңі – баланың өмірлік әлеуеті қалыптасатын шешуші уақыт болғандықтан, бұл кезеңде көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау кешенді әрі уақтылы болуы тиіс. Модуль мазмұнында баланың дамуындағы қауіп факторлары, олардың жеке даму траекториясына әсері, даму кешігулерінің алғашқы белгілері және оларды ерте кезеңде тану мен алдын алу мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар, баланың дамуын қолдауда отбасымен серіктестікте жұмыс жүргізудің маңыздылығы, ата-ананың негізгі дамытушы орта ретіндегі рөлі мен ресурсын тану модульдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу барысында ерте араласудың тиімділігін дәлелдейтін халықаралық және ұлттық ғылыми деректер, сондай-ақ нақты практикалық мысалдар талданады. Бұл модуль баланың дамуын МКФ домендері тұрғысынан түсінуге, келесі кезеңдерде жүзеге асырылатын функционалдық бағалау, күнделікті өмірлік жағдайларды (ЕЖС) талдау және жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеуге әдіснамалық негіз қалайды.

3-модуль. Трансдисциплинарлы модель және командалық жұмыс	
Модульдің мақсаты Трансдисциплинарлы командалық өзара әрекеттесудің қағидаттарын меңгеру, әр маманның кәсіби рөлін нақты түсіну және ерте қолдау қызметі шеңберінде үйлестірілген психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыруға қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыру.	Трансдисциплинарлы команданың мәнін, құрылымын және жұмыс қағидаттарын мультидисциплинарлы және интердисциплинарлы тәсілдермен салыстыра отырып түсіндіру. Команда құрамына кіретін әртүрлі сала мамандарының (педагог, логопед, дефектолог, психолог, сурдопедагог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері және т.б.) кәсіби рөлдері мен функцияларын анықтау. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) шеңберінде командалық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру механизмдерін қарастыру. Бірінші қызмет көрсетуші (Primary Service Provider) моделінің мәнін, артықшылықтарын және оны ерте қолдау тәжірибесінде қолдану қағидатын меңгерту. Команда мүшелері арасындағы кәсіби коммуникацияны, өзара кеңес беру, супервизия және бірлескен шешім қабылдау үдерістерін дамыту. Ата-ананы трансдисциплинарлы команданың толыққанды мүшесі ретінде тану және оның белсенді қатысуын қамтамасыз ету тәсілдерін игеру.
	Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Трансдисциплинарлы тәсілдің ерекшеліктерін және оның баланың дамуын кешенді қолдаудағы артықшылықтарын сипаттай алады. Команда құрамындағы әрбір маманның кәсіби міндеттері мен өзара толықтырушы рөлдерін анықтай алады. ППҚҚ шеңберінде қызметті ұйымдастырудың нақты механизмдерін қолдана алады. Бірінші қызмет көрсетуші моделінің маңызын түсініп, оны практикалық қызметте қолдану мүмкіндіктерін бағалай алады. Командалық өзара әрекеттесу мәдениетін, кәсіби шекараларды сақтау және рөлдерді үйлестіру тәсілдерін меңгереді.

	Ата-анамен тең серіктестікке негізделген жұмыс жүргізудің маңызын түсініп, оны практикалық қызметте қолдануға дайын болады.
Модульдің сипаттамасы Бұл модуль ерте қолдау қызметін іске асырудағы трансдисциплинарлы команданың құрылымы мен кәсіби өзара әрекеттесу жүйесін терең талдауға бағытталған. Модуль барысында тыңдаушылар әртүрлі сала мамандарының бір командада үйлесімді жұмыс істеу қағидаттарын меңгереді. Командалық қызмет баланың және отбасының нақты қажеттіліктеріне негізделіп құрылады, ал әрбір маман өз құзыреті аясында ғана емес, ортақ функционалдық мақсаттарға жету үшін рөлдік икемділікпен әрекет етеді. Модульде халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын бірінші қызмет көрсетуші (Primary Service Provider) моделі мен рөлдерді беру қағидаты жан-жақты қарастырылады. Тыңдаушылар кәсіби шекараларды сақтай отырып, өзге мамандардың ұсынымдарын интеграциялау, бірлескен жоспарлау және келісілген шешім қабылдау тәсілдерін меңгереді. Сонымен қатар, ата-ананың командалық үдерістегі белсенді қатысуының маңыздылығы, олардың тәжірибесін ескеру және шешім қабылдауға тарту қағидаттары ерекше назарда болады. Модуль мазмұны практикалық кейстерді талдау, командалық әрекеттерді модельдеу және кәсіби жағдаяттарды талқылау арқылы тыңдаушыларда кәсіби серіктестік, этика, тиімді коммуникация және командалық жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл модуль келесі кезеңдерде жүзеге асырылатын диагностика, функционалдық бағалау және жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу барысында командалық өзара әрекетті сапалы ұйымдастыруға әдіснамалық негіз қалайды.	
4-модуль. Ерте қолдауда диагностика және жеке даму бағдарламасын (ЕЖДБ) құру	
Модульдің мақсаты	Модульдің міндеттері
Ерте жастағы баланың дамуындағы ерекшеліктерді кешенді және функционалдық тұрғыдан бағалау қағидаттарын меңгеру, скринингтік және диагностикалық құралдарды кәсіби қызметте қолдану, сондай-ақ бағалау нәтижелеріне сүйене отырып жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ)	Модуль аясында келесі міндеттерді шешу көзделеді: Ерте жастағы балаларда даму бұзылыстарының алғашқы белгілерін анықтауға бағытталған скрининг ұғымын, оның мақсаттары мен қолдану аясын түсіндіру. Диагностикалық бағалау мен функционалдық бағалаудың айырмашылықтарын анықтау және оларды кәсіби тәжірибеде қолдану ерекшеліктерін талдау. Функционалдық мүмкіндіктердің, өмірлік қызмет пен денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) қағидаттарына сүйене отырып, баланың дамуын

әзірлеуге қажетті білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.	негізгі 9 домен бойынша бағалау тәсілдерін меңгерту. Баланың дене функцияларын, белсенділігін, әлеуметтік қатысуын және қоршаған орта факторларын кешенді бағалау әдістерін игеру. Баланың күнделікті өмірлік жағдайларындағы (ЕЖС) әрекеттерін құрылымдалған бақылау арқылы талдау және функционалдық деректер жинау тәсілдерін үйрету. Бағалау нәтижелерін интерпретациялау және оларды сатыланған функционалдық мақсаттар қоюда қолдану біліктерін қалыптастыру. Ата-анамен бірлескен бағалау үдерісінің маңызын түсіндіру және олардың бағалау процесіне қатысу формаларын көрсету. Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Скринингтік, диагностикалық және функционалдық бағалаудың айырмашылықтарын және қолдану аясын кәсіби тұрғыда түсіндіре алады. МКФ қағидаттарына негізделе отырып, баланың дамуын негізгі 9 домен бойынша жүйелі түрде бағалай алады. ЕЖС тәсілі арқылы баланың күнделікті өмірдегі белсенділігін бақылап, нақты функционалдық деректер негізінде қорытынды жасай алады. Бағалау нәтижелерін сатыланған функционалдық мақсаттар қоюда және ЖЕҚБ әзірлеуде тиімді қолдана алады. Ата-ананың бағалау процесіне қатысуының маңызын түсініп, бірлескен бағалау әдістерін қолдануға дайын болады.
Модуль сипаты:	Бұл модуль ерте жастағы балалардың дамуын МКФ қағидаттарына негізделген функционалдық тұрғыдан бағалауға арналған. Модуль мазмұнында скрининг жүргізудің мақсаттары мен шектеулері, диагностикалық процедуралар және функционалдық бағалаудың заманауи әдістері қарастырылады. Тыңдаушылар баланың дамуын тек диагностикалық категориялар арқылы емес, оның нақты өмірлік жағдайларындағы белсенділігі, қатысуы және функционалдық әлеуеті арқылы бағалауды меңгереді. Бағалау үдерісі МКФ-ның негізгі 9 домені аясында құрылып, баланың дене функциялары мен құрылымдары, белсенділігі мен әлеуметтік қатысуы,

сондай-ақ қоршаған орта факторларының ықпалы кешенді түрде талданады. Тыңдаушылар баланың күнделікті өмірлік жағдайларындағы (ЕЖС) әрекеттерін бақылау, ата-анамен сұхбат жүргізу және функционалдық деректерді құрылымдау арқылы бағалау дағдыларын қалыптастырады. Модуль сонымен қатар алынған бағалау нәтижелерін интерпретациялау, баланың күшті және қолдауды қажет ететін тұстарын анықтау, және осы деректер негізінде жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) жоспарлау тәсілдерін қамтиды. Бағалау мен жоспарлау үдерісіне ата-ананы белсенді түрде тарту, бірлескен шешім қабылдау және этикалық қағидаттарды сақтау модульдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл модуль келесі кезеңде жүзеге асырылатын ЖЕҚБ-ны әзірлеу және іске асыру, интервенцияларды жоспарлау және мониторинг жүргізу үшін әдіснамалық және практикалық негіз қалайды.

5-модуль. Жеке ерте қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

Модульдің мақсаты Функционалдық бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып сатыланған функционалдық мақсаттар қою, жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) ата-анамен серіктестікте әзірлеу және оны трансдисциплинарлы команда шеңберінде тиімді іске асыруға қажетті кәсіби білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.	Модульдің міндеттері Баланың дамуындағы негізгі қажеттіліктерді МКФ негізіндегі функционалдық бағалау нәтижелеріне сүйене отырып анықтау. SMART қағидатына сәйкес нақты, өлшенетін және өмірлік жағдайларға бейімделген функционалдық мақсаттар қою тәсілдерін меңгерту Баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып мақсаттар жүйесін құру. Жеке ерте қолдау бағдарламасының (ЖЕҚБ) құрылымын, кезеңдерін және мазмұнын кәсіби тұрғыда түсіндіру. ЖЕҚБ аясында жүзеге асырылатын педагогикалық және дамытушы әрекеттерді ата-анамен бірлесе жоспарлау. Трансдисциплинарлы команда негізінде интервенцияларды ұйымдастыру, іске асыру, мониторинг жүргізу және қажет жағдайда бағдарламаны түзету тетіктерін меңгерту.
	Модульдің күтілетін нәтижелері Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Функционалдық бағалау нәтижелерін талдай отырып, баланың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда сипаттай алады. SMART қағидатына сәйкес нақты, өлшенетін және ЕЖС-ке бейімделген функционалдық мақсаттар қоя алады.

	Жеке ерте қолдау бағдарламасының (ЖЕҚБ) құрылымын түсініп, оны өз кәсіби қызметіне бейімдей алады. ЖЕҚБ-ны ата-анамен бірлесе отырып, кәсіби және этикалық қағидаттарға сай әзірлей алады. Бағдарламаны жоспарлау, іске асыру және нәтижелерін бағалау кезеңдерін жүйелі түрде жүргізе алады. Баланың даму динамикасын және отбасымен өзара әрекеттесу нәтижелерін ескере отырып, ЖЕҚБ-ны бейімдеуге және түзетуге қабілетті болады.
Модульдің сипаттамасы Бұл модуль ерте қолдау қызметінде баланың нақты функционалдық қажеттіліктеріне негізделген жеке бағдарламаны әзірлеу мен іске асырудың барлық кезеңдерін қамтиды. Тыңдаушылар функционалдық бағалау деректерін талдау арқылы баланың күшті және қолдауды қажет ететін тұстарын анықтап, күнделікті өмірлік жағдайларға енгізілетін мақсаттар жүйесін қалыптастырады. Модуль мазмұны ЖЕҚБ құрылымына, оның негізгі бөлімдеріне, мақсат қою алгоритмдеріне және іске асыру тетіктеріне бағытталған теориялық және практикалық компоненттерден тұрады. Тыңдаушылар ата-анамен серіктестікте баланың дамуына қажетті әрекеттер жүйесін құрастырып, әрбір мақсатқа сәйкес нақты педагогикалық интервенцияларды жоспарлайды. Бұл интервенциялар баланың күнделікті өміріндегі табиғи әрекеттерге кіріктіріледі. Сонымен қатар, модульде ЖЕҚБ-ны іске асыру барысындағы мониторинг, нәтижелерді талдау және қажет болған жағдайда бағдарламаны түзету механизмдері қарастырылады. Модуль мазмұны трансдисциплинарлы командалық шешім қабылдау мәдениетін, ата-анамен серіктестік қарым-қатынасты және ерте қолдау қызметінің тиімді тәсілдерін практикада қолдануды дамытуға бағытталған. Бұл модуль тыңдаушыларды баланың дамуын функционалдық тұрғыдан қолдауға, ата-анамен бірлескен әрекет арқылы тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге және кәсіби жауапкершілікті саналы түрде жүзеге асыруға дайындайды.	
6-модуль. Отбасымен жұмыс, супервизия және кәсіби рефлексия	
Модульдің мақсаты	Модуль аясында келесі міндеттерді шешу көзделеді:
Ерте қолдау қызметі аясында отбасымен тиімді серіктестік қарым-қатынас орнату, трансдисциплинарлы команда шеңберінде	Ерте қолдау процесінде отбасымен өзара әрекеттесудің негізгі қағидаттары мен модельдерін меңгерту.

супервизиялық қолдауды қолдану және маманның кәсіби әрекетіне жүйелі рефлексия жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	Ата-анамен сенімді, серіктестікке негізделген қарым-қатынас орнату, олардың ресурстарын тану және қолдау тәсілдерін үйрету. Отбасымен жұмыс жүргізудің консультативтік, оқытушылық және қолдаушылық формаларын кәсіби тәжірибеде қолдану жолдарын көрсету. Трансдисциплинарлы команда аясында супервизияның рөлін, түрлерін және ұйымдастыру формаларын зерделеу. Мамандардың кәсіби әрекетін талдау, эмоциялық күйзелістің алдын алу, кәсіби шекараларды сақтау және өзіндік рефлексия жүргізу дағдыларын дамыту. Ерте қолдау саласында кәсіби дамудың жеке траекториясын жоспарлау жолдарын меңгерту. Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Отбасымен серіктестік қарым-қатынас құрудың қағидаттарын түсініп, тиімді кәсіби коммуникация орната алады. Ата-анамен бірлескен жоспарлау, кеңес беру және оқыту тәсілдерін практикалық қызметте қолдана алады. Ерте қолдау қызметінде супервизияның маңызын түсініп, оны кәсіби тәжірибесінде қолдануға дайын болады. Өз кәсіби әрекетін жүйелі түрде талдай алады, қиындықтарды анықтап, рефлексия жүргізе алады. Эмоциялық тұрақтылықты сақтауға, кәсіби күйзелістің алдын алуға және кәсіби шекараларды ұстануға қабілетті болады. Кәсіби дамудың жеке бағыттарын анықтап, ұзақмерзімді кәсіби өсу мақсаттарын жоспарлай алады.
Модульдің сипаттамасы	Бұл модуль ерте қолдау қызметінде маманның отбасымен өзара әрекеттесуі мен кәсіби өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін негізгі компоненттерге бағытталған. Тыңдаушылар ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнату тәсілдерін, олардың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және ресурстарын ескере отырып серіктестік форматта жұмыс жүргізу дағдыларын меңгереді. Кеңес беру, оқыту, кері байланыс беру және белсенді тыңдау әдістеріне ерекше назар аударылады. Модуль мазмұны трансдисциплинарлы команда шеңберінде супервизиялық қолдауды ұйымдастыруға арналған. Тыңдаушылар тәжірибелі маманның

жетекшілігімен кәсіби жағдаяттарды талдау, қиын жағдайларды саралау және өз кәсіби әрекетін жетілдіру тәсілдерін үйренеді. Супервизия мамандардың кәсіби күйзелісінің алдын алуға, командалық үйлесімділікті арттыруға және көрсетілетін қызметтің сапасын көтеруге ықпал ететін маңызды ресурс ретінде қарастырылады.

Модульдің маңызды құрамдас бөлігі – кәсіби рефлексия. Тыңдаушылар өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарап, жетістіктер мен қиындықтарды талдайды, кәсіби шекараларды анықтайды және жеке кәсіби өсу бағыттарын белгілейді. Модуль нәтижесінде тыңдаушылар ерте қолдау қызметін сапалы, тұрақты және этикалық тұрғыда жүзеге асыруға бағытталған ішкі мотивация мен кәсіби жауапкершілікті қалыптастырады.

80 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практика	Семинар	Барлығы
1	Модуль 1. Ерте қолдау қызметінің теориялық-әдіснамалық негіздері және трансдисциплинарлы модель				14
1.1	Ерте қолдау қызметінің мәні, мақсаты және құрылымы	2	1	1	4
1.2	Ерте қолдаудың халықаралық және ұлттық модельдері	1	1	1	3
1.3	Ерте араласудың негізгі қағидаттары (отбасына бағытталған, қатысуға негізделген тәсіл)	1	1	1	3
1.4	Трансдисциплинарлы тәсіл: модельдер, артықшылықтар, ұйымдастыру механизмдері	1	1	1	3
1.5	МКФ (ICF) тұжырымдамасы және ерте қолдауда қолданылуы	1	–	–	1
2	Модуль 2. Ерте жастағы баланың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері				12
2.1	0–3 жастағы баланың даму заңдылықтары	2	1	1	4
2.2	Ерте даму кезеңіндегі қауіп факторлары	1	1	1	3
2.3	Даму кешігулерінің алғашқы белгілері	1	1	1	3
2.4	Ерте қолдауда отбасымен серіктестіктің маңызы	1	1	–	2
3	Модуль 3. Трансдисциплинарлы модель және командалық жұмыс				14
3.1	Трансдисциплинарлы команданың құрылымы және жұмыс қағидаттары	2	1	1	4
3.2	Командадағы маман мен ата-ананың кәсіби рөлдері және өзара әрекеттесуі	1	1	1	3
3.3	Бірінші қызмет көрсетуші моделі	1	1	1	3
3.4	Командалық коммуникация және бірлескен шешім қабылдау	1	1	1	3

3.5	Ата-ананы команданың толыққанды мүшесі ретінде енгізу	1	—	—	1
4	Модуль 4. Ерте қолдауда диагностика және жеке даму бағдарламасын (ЕЖДБ) құру				14
4.1	Ерте жаста скрининг және диагностика негіздері	2	1	1	4
4.2	Функционалдық бағалау және МКФ моделі	1	1	1	3
4.3	Күнделікті өмірлік жағдайларда (ЕЖС) бақылау	1	1	1	3
4.4	Бағалау нәтижелерін интерпретациялау	1	1	—	2
4.5	Отбасымен бірлескен бағалау	1	1	—	2
5	Модуль 5. Жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу және іске асыру				14
5.1	Функционалдық мақсаттар қою және SMART қағидаты	2	1	1	4
5.2	ЖЕҚБ құрылымы және кезеңдері	1	1	1	3
5.3	Күнделікті өмірлік жағдайлар (ЕЖС) негізінде интервенция жоспарлау	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен бірлескен жоспарлау	1	1	—	2
5.5	ЖЕҚБ іске асыру, мониторинг және түзету	1	1	—	2
6	Модуль 6. Отбасымен жұмыс, супервизия және кәсіби рефлексия				14
6.1	Отбасымен серіктестік жұмыстың қағидаттары	1	1	1	3
6.2	Ата-анамен кеңес беру және оқыту	1	1	1	3
6.3	Супервизия және кәсіби қолдау	1	1	1	3
6.4	Кәсіби рефлексия және эмоциялық тұрақтылық	1	1	—	2
6.5	Кәсіби дамуды жоспарлау	1	1	—	2
	ЖАЛПЫ САҒАТ САНЫ				80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнесабақтар	Вебинарлар	Өзіндік жұмыс	Барлығы
1	Модуль 1. Ерте қолдау қызметінің теориялық-әдіснамалық негіздері және трансдисциплинарлы модель				14
1.1	Ерте қолдау қызметінің мәні, мақсаты және құрылымы	2	1	1	4
1.2	Ерте қолдаудың халықаралық және ұлттық модельдері	1	1	1	3
1.3	Ерте араласудың негізгі қағидаттары (отбасына	1	1	1	3

	бағытталған, қатысуға негізделген тәсіл)				
1.4	Трансдисциплинарлы тәсіл: мульти-, интер-, трансмодельдер	1	1	1	3
1.5	МКФ (ICF) тұжырымдамасы және ерте қолдауда қолданылуы	1	–	–	1
2	Модуль 2. Ерте жастағы баланың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері				12
2.1	0–3 жастағы баланың даму заңдылықтары	2	1	1	4
2.2	Ерте даму кезеңіндегі қауіп факторлары	1	1	1	3
2.3	Даму кешігулерінің алғашқы белгілері	1	1	1	3
2.4	Ерте қолдауда отбасымен серіктестіктің рөлі	1	1	–	2
3	Модуль 3. Трансдисциплинарлы модель және командалық жұмыс				14
3.1	Трансдисциплинарлы команданың құрылымы мен қағидаттары	2	1	1	4
3.2	Командадағы мамандардың кәсіби рөлдері	1	1	1	3
3.3	Бірінші қызмет көрсетуші моделі	1	1	1	3
3.4	Командалық коммуникация және бірлескен шешім қабылдау	1	1	1	3
3.5	Ата-ананы команданың толыққанды мүшесі ретінде енгізу	1	–	–	1
4	Модуль 4. Ерте қолдауда диагностика және жеке даму бағдарламасын (ЕЖДБ) құру				14
4.1	Ерте жаста скрининг және диагностика негіздері	2	1	1	4
4.2	Функционалдық бағалау және МКФ моделі	1	1	1	3
4.3	Күнделікті өмірлік жағдайларда (ЕЖС) бақылау	1	1	1	3
4.4	Бағалау нәтижелерін интерпретациялау	1	1	–	2
4.5	Отбасымен бірлескен бағалау	1	1	–	2
5	Модуль 5. Жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕКБ) әзірлеу және іске асыру				14
5.1	Функционалдық мақсаттар қою және SMART қағидаты	2	1	1	4
5.2	ЖЕКБ құрылымы және кезеңдері	1	1	1	3

5.3	ЕЖС негізінде интервенция жоспарлау	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен бірлескен жоспарлау	1	1	–	2
5.5	ЖЕКБ іске асыру, мониторинг және түзету	1	1	–	2
6	Модуль 6. Отбасымен жұмыс, супервизия және кәсіби рефлексия				14
6.1	Отбасымен серіктестік қарым-қатынас	1	1	1	3
6.2	Ата-анамен кеңес беру және оқыту	1	1	1	3
6.3	Супервизия және кәсіби қолдау	1	1	1	3
6.4	Кәсіби рефлексия және эмоциялық тұрақтылық	1	1	–	2
6.5	Кәсіби дамуды жоспарлау	1	1	–	2
	ЖАЛПЫ САҒАТ САНЫ				80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Ерте қолдау қызметі: трансдисциплинарлы модель, диагностика және отбасымен жұмыс» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылымды, тәжірибеге бағытталған оқу форматтарын және заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Кіріс диагностикасы

Курс басталғанға дейін тыңдаушылардың ерте жастағы балалармен жұмыс жүргізу саласындағы бастапқы кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатында кіріс диагностикасы жүргізіледі. Кіріс диагностикасы сауалнама, өзін-өзі бағалау парақтары және қысқаша тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Диагностика нәтижелері тыңдаушылардың жеке оқу қажеттіліктерін айқындауға және оқу үдерісін дараландыруға негіз болады.

Бағдарлама екі көлемде жүзеге асырылады:

80 академиялық сағат;

Оқыту формасы:

Аудиториялық – дәрістер, практикалық сабақтар және семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен өтеді;

Қашықтан оқыту – бейне дәрістер, вебинарлар, тыңдаушылардың онлайн-платформада өз бетімен жұмыс жасауы, тьютор қолдауы және онлайн-форматта қорытынды аттестаттау.

Оқу процесінің құрылымы:

Бейнесабақтар – асинхронды түрде ұсынылған материалдар, теориялық контентті ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді, презентация, сызба және әдістемелік мысалдармен сүйемелденеді;

Вебинарлар – оқытушымен және топпен синхронды онлайн-кездесулер, кейстерді бірлесіп талдауға, сұрақтарға жауап беруге және тәжірибені талқылауға бағытталған;

Дәрістер – арнайы педагогтің қызметінің тақырыптарын, ұғымдарын, функцияларын, нормативтік негіздерін теориялық негіздеу (аудиториялық немесе қашықтан оқыту түрінде);

Практикалық сабақтар – үлгілермен, нормативтік құжаттармен, кейстермен, ЖББ, түзету-дамытушылық бағдарламаларды әзірлеумен және сабақтарды жобалаумен жұмыс істеу;

Семинарлар – ұжымдық талдау форматы, тәжірибе алмасу, әдістемелік шешімдер мен тәсілдерді талқылау;

Тыңдаушылардың өздік жұмысы – тапсырмаларды орындау, шағын жобаларды дайындау, бағдарламалар мен ұсыныстар әзірлеу, әдебиеттер мен нормативтік актілерді талдау;

Қорытынды аттестаттау – тестілеу түрінде, қорытынды жобаның (мысалы, әдістемелік өнім) презентациясы, кейсті талдау, қорғау немесе сараптамалық бағалау.

Бақылау және кері байланыс түрлері:

Әр модульдегі ағымдағы тапсырмалар (тәжірибелік тапсырмалар, шағын жобалар, бақылау сұрақтары);

Форум/чат немесе консультациялар арқылы кері байланыс және қолдау;

Сараптамалық тексерісі бар қорытынды жұмыс (әдістемелік жоба, презентация, сабақ жоспары, авторлық дидактикалық материалдар).

Қашықтан оқыту форматын жүзеге асырудың техникалық шарттары:

Оқу платформасына қолжетімділік (Google Classroom, Moodle, Teams немесе ұйым таңдаған басқа платформа);

Вебинарлар өткізу үшін Zoom/Google Meet қосымшалары;

Электрондық оқу ресурстарымен қамтамасыз ету: бейне, интерактивті презентациялар, нормативтік құжаттар, үлгілер мен формалар.

Оқу процесін қамтамасыз ету:

Әр модуль бойынша оқу-әдістемелік пакет;

Өздік жұмысқа және практикалық тапсырмаларға арналған әдістемелік материалдар;

Инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдаланып әзірленген сабақ жоспарларының, дидактикалық материалдардың үлгілері;

Бейнематериалдар, нормативтік құжаттар және тәжірибелік мысалдар;

Қорытынды тапсырма – тыңдаушының инновациялық және жасанды интеллект технологияларын пайдаланып әзірлеген авторлық әдістемелік жұмысын дайындау, қорғау және рецензиялау.

Оқытушыларға қойылатын талаптар

Бағдарлама бойынша оқытуды жүзеге асыратын мамандардың сурдопедагогика, логопедия, арнайы педагогика немесе педагогика саласында жоғары білімі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен, тыңдаушылардың ерте жастағы балалармен жұмыс жүргізу саласындағы бастапқы

кәсіби балалармен жұмыс істеу бойынша практикалық тәжірибесі және біліктілікті арттыру курстарын жүргізу құзыреттілігі болуы тиіс.

Оқу процесі ұйымдастырылған кезде келесілер ескерілген:

Педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қойылатын қолданыстағы талаптар;

Педагог, логопед, дефектолог білім беру жүйесіндегі нақты жұмыс жағдайлары;

Оқытудың икемділігі, қолжетімділігі және тәжірибелік бағыттылығы;

Оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдары мен инновациялық технологияларды тиімді қолдану мүмкіндігі.

Бағдарламаның форматтары, көлемі және мазмұны аудиториялық және қашықтан оқытуға бейімделген, бұл курсты Қазақстанның барлық өңірлерінен келген педагог, арнайы педагог, сурдопедагог, логопедтер үшін қолжетімді және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы етеді.

7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Құрамдас бөлік	Мазмұны
Дидактикалық тәсіл	Бағдарламаның дидактикалық тәсілі ерте қолдау қызметі мамандарының (логопед, дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог және т.б.) кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Бағдарлама іс-әрекеттік, құзыреттілікке негізделген, практикаға бағдарланған және интерактивті оқыту қағидаттарына сүйенеді. Оқыту отбасына бағытталған, баланың белсенділігі мен қатысуына негізделген ерте қолдау философиясына сүйеніп, трансдисциплинарлы тәсілді кәсіби тәжірибеге енгізуге бағытталған.
Оқыту әдістері	Интерактивті дәрістер мен вебинарлар; практикалық семинарлар мен әдістемелік практикумдар; мастер-кластар; кейстерді талдау; топтық талқылаулар; командалық жұмыс; жобалық қызмет; ЖЕҚБ, диагностика және отбасымен жұмысқа арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу және апробациялау.
Теориялық материалды ұсыну формалары	Бейнесабақтар; вебинарлар; презентациялар; әдістемелік нұсқаулықтар; диагностикалық және бағалау құралдары; цифрлық білім беру ресурстары; онлайн платформада өзіндік оқуға арналған материалдар.
1-модуль бойынша теориялық материал	Ерте қолдау қызметінің мәні мен құрылымы; ерте араласу қағидаттары; отбасына бағытталған тәсіл; трансдисциплинарлы модель; мульти-, интер- және трансдисциплинарлы тәсілдердің айырмашылығы; МКФ (ICF) тұжырымдамасы; нормативтік-құқықтық негіздер.

2-модуль бойынша теориялық материал	0–3 жастағы баланың физиологиялық, когнитивтік, сөйлеу және әлеуметтік-эмоциялық даму заңдылықтары; ерте даму кезеңінің маңызы; қауіп факторлары; даму кешігулерінің алғашқы белгілері; ерте араласудың ғылыми негіздері; отбасымен серіктестік қағидаты.
3-модуль бойынша теориялық материал	Трансдисциплинарлы команданың құрылымы; мамандардың кәсіби рөлдері; бірінші қызмет көрсетуші моделі; командалық коммуникация; супервизия элементтері; ата-ананы команданың белсенді мүшесі ретінде тарту.
4-модуль бойынша теориялық материал	Ерте жаста скрининг және диагностика; функционалдық бағалау; МКФ негізінде бағалау; күнделікті өмірлік жағдайларда (ЕЖС) бақылау; бағалау нәтижелерін интерпретациялау; отбасымен бірлескен бағалау.
5-модуль бойынша теориялық материал	Функционалдық мақсаттар қою; SMART қағидаты; ЖЕҚБ құрылымы мен кезеңдері; ЕЖС негізінде интервенция жоспарлау; ата-анамен бірлескен жоспарлау; мониторинг және түзету.
6-модуль бойынша теориялық материал	Отбасымен серіктестік; кеңес беру және оқыту формалары; супервизияның рөлі; кәсіби рефлексия; эмоциялық тұрақтылық; кәсіби дамудың жеке траекториясын жоспарлау.
Практикалық тапсырмалар	Ерте қолдау қызметін талдау; скрининг; ЕЖС парағын толтыру; алғашқы қабылдау парағын толтыру; мақсаттарды қадамдарға бөлу; баланың даму профилін сипаттау; командалық жұмыс жоспарын әзірлеу; функционалдық бағалау жүргізу; ЖЕҚБ құрастыру; отбасымен жұмыс жоспары; кәсіби рефлексиялық есеп пен портфолио дайындау.
Өзін-өзі бағалау критерийлері	Практикалық тапсырмалардың толықтығы мен сапасы; әзірленген әдістемелік материалдардың практикалық құндылығы; трансдисциплинарлы тәсілді сақтау; отбасына бағытталған жұмыс логикасы; кәсіби рефлексия деңгейі; кәсіби дамуды саналы жоспарлау.

Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:

Критерий / құрал	Бағаланатын аспектілер	Бағалау шкаласы / сипаттамасы
Модуль мазмұнын түсіну	Ерте қолдау қызметіне, трансдисциплинарлы модельге, ЖЕҚБ, МКФ және отбасына	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім

	бағытталған тәсілге қатысты негізгі ұғымдар мен қағидаттарды түсіну деңгейі	
Теориялық білімді қолдану	Теориялық материалды ерте қолдау тәжірибесінде (диагностика, жоспарлау, интервенция, отбасымен жұмыс) қолдану қабілеті	1 – қолдана алмаймын → 5 – жүйелі қолданамын
Практикада қолдану мүмкіндігі	Әдістерді, бағалау құралдарын, ЖЕҚБ, ЕЖС тәсілін және дамытушы әрекеттерді өз кәсіби қызметіне енгізу және бейімдеу мүмкіндігі	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін
Кәсіби әрекеттегі сенімділік	Диагностикалық және функционалдық бағалау, ЖЕҚБ әзірлеу және іске асыру барысында кәсіби сенімділік деңгейі	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану	Бағалау парақтары, чек-парақтар, ЖЕҚБ үлгілері, нормативтік құжаттар мен цифрлық ресурстарды саналы және жүйелі пайдалану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық өзара әрекеттесу	Трансдисциплинарлы командада (ППҚҚ) әріптестермен және ата-анамен тиімді кәсіби ынтымақтастық орнату	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін
Коммуникативтік қолдау	Баламен, ата-анамен және мамандармен кәсіби, этикалық және қолдаушы коммуникация орнату қабілеті	1 – қиын → 5 – еркін жүзеге асырамын
Рефлексия және кәсіби даму	Өз кәсіби қызметін талдау, даму аймақтарын анықтау, кәсіби өсу мақсаттарын қою және үздіксіз даму дағдысы	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын

Бағдарлама аясында өзін-өзі бағалау педагогтердің, дефектологтардың, логопедтердің, психологтардың және өзге де мамандардың ерте қолдау қызметі саласындағы кәсіби дамуын саналы түрде талдауға, өз жетістіктерін бағалауға және болашақ кәсіби өсу бағыттарын айқындауға бағытталған. Өзін-өзі бағалау ерте жастағы балалармен жұмыс істеуде трансдисциплинарлы тәсілді, отбасына бағытталған қолдауды және функционалдық бағалау қағидаттарын кәсіби тәжірибеде тиімді қолдану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау формалары оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде жүйелі түрде қолданылып, тыңдаушылардың рефлексиялық дағдыларын дамытуға, өз кәсіби тәжірибесін талдауға және ерте қолдау қызметіндегі кәсіби сенімділікті арттыруға жағдай жасайды.

Өзін-өзі бағалау білім алушылардың оқу нәтижелерін ішкі талдау құралы ретінде қарастырылады және мамандардың ерте қолдау қызметіне қажетті кәсіби құзыреттерін (диагностикалық, түзету-дамыту, коммуникативтік, әдістемелік және командалық) бірізді дамытуға ықпал етеді.

Өзін-өзі бағалаудың негізгі формалары

Бағдарлама барысында тыңдаушыларға өзін-өзі бағалаудың бірнеше өзара толықтырушы құралдары ұсынылады.

Модульдік чек-парақтар

Әр модуль бойынша кәсіби жетістіктерді белгілеуге арналған чек-парақтар қолданылады. Чек-парақтар Google Forms форматында немесе қағаз түрінде ұсынылып, тыңдаушыларға ерте жастағы баланың дамуын бағалау, функционалдық мақсаттар қою, жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕКБ) жоспарлау, отбасымен жұмыс және трансдисциплинарлы команда шеңберінде әрекет ету дағдыларын меңгеру деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді.

«Жеке жетістіктер парағы» («дейін/кейін» талдауы)

Бұл құрал тыңдаушының бағдарлама басталғанға дейінгі және бағдарлама соңындағы кәсіби құзыреттер деңгейін салыстыруға арналған. «Дейін/кейін» талдауы ерте қолдау қызметі саласындағы кәсіби өсудің динамикасын анықтауға және оқыту нәтижесінде қалыптасқан жаңа кәсіби біліктерді бағалауға мүмкіндік береді.

Педагогтің (маманның) құзыреттілік картасы

Құзыреттілік картасы ерте қолдау қызметіне қажетті педагогикалық, диагностикалық, түзету-дамыту, коммуникативтік және цифрлық құзыреттерді өз бетінше бағалауға арналған. Бұл құрал тыңдаушыға өз кәсіби мүмкіндіктерін саралауға, даму аймақтарын анықтауға және жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлауға көмектеседі.

Рефлексия күнделігі (қалауы бойынша)

Рефлексия күнделігі тыңдаушының жеке кәсіби рефлексиясын жүргізуге арналған құрал болып табылады. Ол дәрістерден, вебинарлардан және практикалық тапсырмалардан кейінгі ой-тұжырымдарды, кездескен қиындықтарды және қол жеткізген жетістіктерді белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл күнделік ерте қолдау қызметіндегі кәсіби өзіндік сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі

Бағдарлама соңында тыңдаушылар өз кәсіби қызметінде күшейтуді қажет ететін бағыттарды айқындауға арналған жинақтаушы талдау жүргізеді. Бұл құрал алдағы уақытта ерте қолдау саласында кәсіби дамудың басым бағыттарын нақтылауға көмектеседі.

Қорытынды өзін-өзі бағалау

Бағдарламаны аяқтағаннан кейін тыңдаушылар қорытынды өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Қорытынды өзін-өзі бағалау аясында мамандар ерте жастағы балалармен жұмыс істеуге қатысты диагностикалық, функционалдық бағалау, түзету-дамыту, отбасымен жұмыс, командалық өзара әрекеттесу және әдістемелік қызмет бойынша өз кәсіби сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала негізінде бағалайды.

Сонымен қатар тыңдаушылар келесі рефлексиялық сұрақтарға жауап береді:

- бағдарлама барысында мен үшін ең маңызды және жаңа болған қандай білім мен тәжірибе алынды;
- қандай әдістер мен тәсілдерді ерте қолдау қызметінде қолдана бастадым;
- ерте жастағы балалармен және отбасымен жұмыс істеуде қандай кәсіби сенімділік қалыптасты;

– алдағы уақытта ерте қолдау саласында қай кәсіби бағытта дамуды жоспарлаймын.

Қорытынды кезеңде тыңдаушылар алдағы 3–6 айға арналған жеке кәсіби өсу жоспарын әзірлейді. Бұл жоспар ерте қолдау қызметіндегі нақты мақсаттар мен оларды іске асыруға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

Өзін-өзі бағалаудың маңызы

Өзін-өзі бағалау нәтижелері қорытынды бағаға тікелей әсер етпейді. Алайда ол мамандардың өз кәсіби әрекетіне саналы көзқарас қалыптастыруына, ішкі мотивациясын арттыруына және ерте қолдау қызметінде үздіксіз кәсіби дамуға бағдарлануына маңызды ықпал етеді.

Өзін-өзі бағалауға арналған барлық құралдар бағдарлама шеңберіндегі оқу-әдістемелік пакет құрамында ұсынылады және оларды толтыру бойынша нақты нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

8.1 Бағалаудың мақсаттары мен қағидаттары

Педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында оқу нәтижелерін бағалау ерте қолдау қызметі саласындағы бағдарламалық мазмұнды меңгеру деңгейін объективті және жүйелі түрде анықтауға, сондай-ақ тыңдаушылардың ерте жастағы балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеуге қажетті кәсіби, әдістемелік және практикалық құзыреттерінің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған.

Бағалау үдерісі кешенді және практикаға бағдарланған сипатқа ие. Ол тек теориялық білімді тексерумен шектелмей, тыңдаушылардың алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын нақты ерте қолдау практикасы жағдайында — баланың күнделікті өмірлік жағдайларын ескере отырып, отбасымен серіктестікте және трансдисциплинарлы команда шеңберінде — қолдану қабілетін талдауға бағытталады.

Бағалау барысында ерекше назар келесі аспектілерге аударылады:

– ерте жастағы баланың даму ерекшеліктерін кешенді және функционалдық тұрғыдан бағалау;

– баланың белсенділігі мен қатысуына бағытталған функционалдық мақсаттар қою;

– жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу және іске асыру дағдылары;

– отбасына бағытталған тәсілді кәсіби тәжірибеде қолдану;

– трансдисциплинарлы команда шеңберінде тиімді кәсіби өзара әрекеттесу;

– алынған нәтижелерді талдау, мониторинг жүргізу және қолдау стратегияларын түзету біліктері.

Оқу нәтижелерін бағалау ерте қолдау қызметінің негізгі қағидаттарына — баланың мүддесіне бағдарлану, отбасымен серіктестік, кәсіби этика, үздіксіз даму және рефлексия қағидаттарына негізделеді. Бағалау үдерісі тыңдаушылардың кәсіби сенімділігін арттыруға, өз тәжірибесін саналы түрде талдауға және ерте қолдау саласындағы сапалы кәсіби қызметті қамтамасыз етуге бағытталады.

Бағалау қағидаты	Сипаттамасы
Бағалаудың ашықтығы мен объективтілігі	Оқу нәтижелерін бағалау алдын ала айқындалған және тыңдаушыларға жеткізілген критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне толық сәйкес келеді және барлық тыңдаушылар үшін бірдей, ашық әрі объективті бағалауды қамтамасыз етеді.
Сараланған тәсіл	Бағалау барысында тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесі, ерте қолдау саласындағы даярлық деңгейі, жеке ерекшеліктері және кәсіби-білім беру қажеттіліктері ескеріледі. Жеке оқу траекториялары мен кәсіби дамудың динамикасы назарға алынады.
Үздіксіз кері байланыс	Бағалау үдерісі тұрақты, конструктивті кері байланыспен сүйемелденеді. Кері байланыс кәсіби дамуды қолдауға, оқу мақсаттарын нақтылауға және ЖЕҚБ әзірлеу мен іске асыру сапасын арттыруға бағытталады.

8.2 Бағалаудың негізгі әдістері мен нысандары

Ерте қолдау қызметі мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық біліктерін және кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін әдістер мен құралдардың кешенін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау ерте жастағы балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеуге қажетті заманауи ерте қолдау тәсілдерін қолдану қабілетін, баланың дамуын кешенді және функционалдық тұрғыдан бағалау, жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу және іске асыру, отбасына бағытталған тәсілді қолдану, сондай-ақ трансдисциплинарлы команда шеңберінде тиімді кәсіби өзара әрекеттесу біліктерінің қалыптасуын анықтауға бағытталған.

Бағалау барысында тыңдаушылардың диагностикалық, түзету-дамыту, коммуникативтік, әдістемелік және рефлексиялық құзыреттері, сондай-ақ кәсіби қызметте қолданылатын құралдар мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану қабілеті ескеріледі. Оқу нәтижелерін бағалау нақты практикалық жағдайларға негізделіп, тыңдаушылардың алған білімдерін ерте қолдау қызметінің нақты контекстінде қолдану мүмкіндігін айқындауға мүмкіндік береді.

Бағалау нысаны	Бағалау мазмұны	Бағалау арқылы анықталады
Теориялық материалды	Ағымдағы бақылау аясында тыңдаушылар ерте қолдау қызметінің негізгі теориялық	Теориялық материалды түсіну тереңдігі, негізгі

меңгеруге арналған тапсырмалар	қағидаларын түсіну деңгейін тексеруге бағытталған тесттік, аналитикалық және жазбаша тапсырмаларды орындайды. Тапсырмалар келесі мазмұнды қамтиды: – ерте қолдау қызметінің мақсаттары, қағидаттары және құрылымы; – ерте жастағы баланың даму заңдылықтары және қауіп факторлары; – отбасына бағытталған және баланың белсенділігіне негізделген тәсілдер; – трансдисциплинарлы модель және командалық жұмыс қағидаттары; – функционалдық бағалау, МКФ және күнделікті өмірлік жағдайлар (ЕЖС); – жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) жоспарлау негіздері.	ұғымдарды меңгеру деңгейі және оларды кәсіби тәжірибеде қолдануға дайындық
Практикалық тапсырмалар	Практикалық тапсырмалар тыңдаушылардың ерте қолдау қызметіндегі кәсіби біліктерін қалыптастыруға және бағалауға бағытталған. Тапсырмалар келесілерді қамтиды: – баланың даму ерекшеліктерін функционалдық тұрғыдан сипаттау; – бақылау және бағалау нәтижелерін талдау; – функционалдық мақсаттар қою (SMART); – ЖЕҚБ фрагменттерін әзірлеу; – отбасымен жұмысқа арналған қолдау әрекеттерін жоспарлау; – трансдисциплинарлы команда шеңберінде кәсіби шешімдер ұсыну.	Диагностикалық, түзету-дамыту, әдістемелік және аналитикалық біліктердің қалыптасу деңгейі
Топтық және жеке тапсырмалар	Бағалау жеке және топтық нысандарда жүзеге асырылады. Тапсырмалар төмендегілерді айқындауға бағытталған: – командалық жұмысқа және	Командалық өзара әрекеттесу дағдылары, кәсіби коммуникация,

	кәсіби өзара әрекеттесуге қабілеттілік; – кәсіби шешімдерді бірлесе әзірлеу, талқылау және ұсыну білігі; – жобалық қызметтегі дербестік, жауапкершілік және рефлексия. Тапсырмалар үлгілері: ЖЕҚБ-ны бірлесіп әзірлеу, ерте қолдау кейстерін талдау, отбасымен жұмыс стратегиясын жобалау.	жауапкершілік және рефлексия деңгейі
Шығармашылық және жобалық жұмыстар	Тыңдаушылардың кәсіби ойлауын, икемділігін және практикаға бағдарланған шешім қабылдау қабілетін бағалауға бағытталған жұмыстар.	Кәсіби шығармашылық, әдістемелік негізділік және практикаға сәйкестік
Жобаны әзірлеу үдерісін бағалау	Бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: – жоспарлаудың негізділігі; – әдістемелік тәсілдерді таңдаудың дұрыстығы; – іске асыру кезеңдерінің логикалылығы мен бірізділігі.	Жоспарлау және кәсіби шешім қабылдау сапасы
Шығармашылық және инновациялық сипаты	– ұсынылған шешімдердің бірегейлігі; – материалдардың ерте қолдау мақсаттарына сәйкестігі; – баланың белсенділігі мен қатысуын арттыруға бағытталуы.	Инновациялық ойлау және кәсіби икемділік
Цифрлық және әдістемелік құралдарды пайдалану	– бағалау және жоспарлау құралдарын мақсатқа сай қолдану; – визуализация мен құрылымдаудың сапасы; – таңдалған құралдардың әдістемелік негізділігі.	Цифрлық және әдістемелік құзыреттер
Жұмыс нәтижесі	– әзірленген өнімнің аяқталғандығы; – практикалық қолданбалылығы; – нәтижелерді ұсыну сапасы (презентация, түсіндірме, қорғау).	Нәтиженің сапасы және практикада қолдану мүмкіндігі

Қатысушылардың өзін-өзі бағалауы	Тыңдаушылар сауалнамалар, чек-парақтар және рефлексиялық тапсырмалар арқылы өз кәсіби ілгерілеуін бағалайды.	Кәсіби даму динамикасын түсіну және рефлексия
Сыни ойлауды қалыптастыру	Пікірталастар, кәсіби жағдаяттарды талдау, типтік қиындықтарды қарастыру және шешімдерді ұжымдық пайымдау.	Сыни талдау, кәсіби пайымдау және шешім қабылдау қабілеті

8.3 Бағалау критерийлері

Ерте қолдау қызметі мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында тапсырмаларды әзірлеу және орындау бойынша бағалау критерийлері тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық біліктерін және кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін айқындауға бағытталған.

Бағалау критерийлері ерте жастағы балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеуге қажетті негізгі кәсіби құзыреттердің қалыптасуын қамтиды. Оларға баланың дамуын кешенді және функционалдық тұрғыдан бағалау, функционалдық мақсаттар қою, жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) әзірлеу және іске асыру, отбасына бағытталған тәсілді қолдану, сондай-ақ трансдисциплинарлы команда шеңберінде тиімді кәсіби өзара әрекеттесу жатады.

Бағалау бағдарламаның кешенді және практикаға бағдарланған сипатын ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл үдеріс тыңдаушылардың алған білімдері мен дағдыларын нақты ерте қолдау практикасы жағдайында — баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып, ата-анамен серіктестікте және командалық жұмыс аясында — қолдану қабілетін талдауға бағытталған.

Бағалау барысында келесі аспектілер назарға алынады:

- ерте қолдау қызметінің негізгі ұғымдары мен қағидаттарын түсіну деңгейі;
- диагностикалық және функционалдық бағалау нәтижелерін талдау білігі;
- функционалдық мақсаттарды (SMART қағидаты бойынша) қою сапасы;
- ЖЕҚБ құрылымын сақтау және мазмұнын практикаға сәйкестендіру;
- отбасымен жұмыс жүргізудегі кәсіби-этикалық ұстанымдар;
- трансдисциплинарлы командалық шешімдерге қатысу белсенділігі;
- кәсіби рефлексия және өзіндік даму динамикасы.

Бағалау критерийлері тыңдаушылардың кәсіби сенімділігін арттыруға, өз тәжірибесін саналы түрде талдауға және ерте қолдау қызметіндегі сапалы, тиімді педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағалау бағыттары	Бағалатын көрсеткіштер
Теориялық материалды білу деңгейі	Ерте қолдау қызметінің мақсаттары мен қағидаттарын түсінуі; ерте жастағы баланың психологиялық-педагогикалық даму заңдылықтарын

	білуі; отбасына бағытталған және баланың белсенділігі мен қатысуына негізделген тәсілдердің мәнін түсінуі; трансдисциплинарлы модельдің мазмұнын, артықшылықтарын және ұйымдастыру тетіктерін білуі; функционалдық бағалау, МКФ (ICF) және күнделікті өмірлік жағдайлар (ЕЖС) тәсілдерінің теориялық негіздерін меңгеруі; жеке ерте қолдау бағдарламасын (ЖЕҚБ) құру қағидаттарын түсінуі; ерте қолдау қызметіндегі нормативтік-құқықтық негіздермен жұмыс істей білуі.
Практикалық дағдылар	Баланың даму ерекшеліктерін функционалдық тұрғыдан бағалау білігі; бақылау, скрининг және бағалау нәтижелерін талдау қабілеті; SMART қағидатына сәйкес функционалдық мақсаттар қою; ЖЕҚБ фрагменттерін әзірлеу және іске асыруды жоспарлау; баланың күнделікті өмірлік жағдайларын (ЕЖС) ескере отырып дамытушы әрекеттерді жоспарлау; отбасымен серіктестікте жұмыс жүргізу дағдылары; трансдисциплинарлы команда шеңберінде кәсіби шешімдер қабылдау және өзара әрекеттесу білігі.
Әдістемелік және қолданбалы сапа	Әзірленген материалдардың ерте қолдау қағидаттарына сәйкестігі; мақсаттар мен әрекеттер құрылымының логикалылығы; ЖЕҚБ, бағалау құралдары мен жоспарлардың практикалық қолданбалылығы; таңдалған әдістер мен құралдардың әдістемелік негізділігі; әзірленген материалдардың баланың белсенділігі мен қатысуын арттыруға бағытталуы.
Шығармашылық және инновациялық қызмет	Бастамашылдық таныту және баланың қажеттіліктеріне бейімделген шешімдер ұсыну; ерте қолдау қызметінде стандартты емес және икемді әдістерді қолдану; дәстүрлі түзету-дамыту тәсілдерін заманауи педагогикалық және цифрлық құралдармен үйлестіру; отбасымен және командамен жұмыс барысында креативті тәсілдерді қолдану.
Дербестік және кәсіби жауапкершілік	Оқу және практикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестік деңгейі; өз кәсіби қызметін жоспарлау және ұйымдастыру білігі; тапсырмаларды орындаудың белгіленген мерзімдерін сақтау; әзірленген әдістемелік және практикалық материалдардың сапасына жауапкершілікпен қарауы; педагогикалық рефлексия жүргізу, өзін-өзі бағалау және кәсіби нәтижелерін саналы түрде пайымдау қабілеті.

8.4 Бағалау құралдары

Бағдарлама аясында тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды бағалау құралдарының кешені қолданылады. Бағалау құралдары педагогтердің теориялық білімін, практикалық дағдыларын және ерте қолдау қызметіне қажетті кәсіби құзыреттерін кешенді түрде анықтауға бағытталған.

Бағалау құралдары	Сипаттамасы
Тестілеу және сауалнамалар	Бағдарлама мазмұны бойынша теориялық білімді тексеруге арналған тесттер қолданылады. Тесттер тыңдаушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін жедел анықтауға және оқыту үдерісін уақытылы түзетуге мүмкіндік береді. Кері байланыс сауалнамалары тыңдаушылардың пікірін, кәсіби қажеттіліктерін және оқу барысында кездесетін қиындықтарын анықтауға бағытталып, бағдарламаның мазмұнын жетілдіру және оны практикалық сұраныстарға бейімдеу мақсатында пайдаланылады.
Портфолио	Тыңдаушылар жеке кәсіби портфолио жүргізеді. Портфолио құрамына: орындалған практикалық тапсырмалар; жеке ерте қолдау бағдарламасына (ЖЕҚБ) негізделген әдістемелік әзірлемелер; жобалық және шығармашылық жұмыстар; рефлексиялық есептер мен өзін-өзі бағалау материалдары енгізіледі. Портфолио педагогтің ерте жастағы балалармен жұмыс істеу саласындағы кәсіби дамуын жүйелі түрде қадағалауға, оқу барысында қол жеткізілген нәтижелерді жинақтауға және кәсіби өсу динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді.
Презентациялар және жобаларды қорғау	Бағдарлама соңында тыңдаушылар қорытынды жобаны қорғау рәсімінен өтеді. Қорғау барысында әзірленген әдістемелік немесе ерте қолдау өнімінің сапасы, жұмыстың құрылымдық логикасы, қолданылған әдістер мен технологиялардың ғылыми-әдістемелік негізділігі, жобаның практикалық құндылығы, сондай-ақ оның ЖЕҚБ, МКФ қағидаттарына және отбасына бағытталған тәсілге сәйкестігі бағаланады.
Онлайн-бағалау	Бағалау үдерісінде диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды тесттерді тапсыру, онлайн-тапсырмаларды орындау және жедел кері

	байланыс алу мақсатында онлайн-білім беру платформалары (LMS, Google Forms, Google Classroom, Microsoft Teams және т.б.) пайдаланылады. Онлайн-бағалау бағалау үдерісінің ашықтығын, жеделдігін және барлық тыңдаушылар үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді.
--	--

8.5 Оқу нәтижелерін бағалау және құзыреттер деңгейі

Қорытынды бағалау пайыздық шкалаға негізделеді, мұнда әрбір құрамдас бөлік (теориялық білімдер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар) жалпы бағалауда белгілі бір үлес салмаққа ие болады. Ұсынылатын шкала:

—90–100% — Өте жақсы (барлық талаптарға толық сәйкес келеді, шығармашылық және техникалық дағдылардың жоғары деңгейі көрсетілген).

—70–89% — Жақсы (негізгі талаптарға сәйкес келеді, алайда жұмыстың жекелеген аспектілерін жетілдіру қажет).

—50–69% — Қанағаттанарлық (тапсырмаларды орындау сапасын арттыру үшін қосымша жұмыс қажет).

—50%-дан төмен — Қанағаттанарлықсыз (бағдарлама талаптары жеткіліксіз деңгейде орындалған, қайта даярлау қажеттілігі бар).

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу біліктілікті арттырудың тиімді бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алынған білімдер мен дағдылардың тұрақтылығын және практикада іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және курс барысында меңгерілген нәтижелерді нақты педагогикалық практикаға енгізуге бағдарланған.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің негізгі элементтері:

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары:			
жаңа білімдер мен құралдарды іске асыруда әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;	кәсіби қарым-қатынасты және тәжірибе алмасуды жалғастыру үшін жағдай жасау;	консультация беру, супервизия жүргізу және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің кәсіби практикасына өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің форматтары:			

Жеке әдістемелік консультация беру:	онлайн-байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); тыңдаушының педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беру.
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:	курс аяқталғаннан кейін 1–2 ай өткен соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылар ұсынған табысты енгізу кейстерін талдау; практикада білімді қолдану барысында туындаған күрделі сұрақтарға жауап беру.
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа қолжетімділік (Telegram, WhatsApp, Google топтары); үлгілермен, құжаттармен, сұраныстармен және шешімдермен алмасу; көлденең тәлімгерлікті (peer-to-peer қолдау) ынталандыру.
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс оқу материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, үлгілерді және нұсқаулықтарды жүйелі түрде жаңарту; жаңа әдебиеттерге, жарияланымдарға және іс-шараларға ұсынымдар беру.
Қорытынды енгізуге ерікті супервизия:	жеке бағдарламаларды диагностикалау және рефлексиялау үдерісіне ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын енгізуді сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен бірлесіп педагогикалық әсерлерді талдау.
Сүйемелдеу әдістері:	
жеке сұраныстарға жауап беру;	практиканы және алынған нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер және талқылаулар;	кейстерді топтық түрде шешу, материалдарды бірлесіп жетілдіру.
Ұзақтығы мен форматы:	курстар аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан форматта, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруымен.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін іске асырудағы сенімділігінің артуы;
	жеке білім беру бағдарламалары (ЖББ) шеңберінде құжаттаманың дұрыс нысандарын практикаға белсенді енгізу;
	кәсіби қауымдастыққа тартылу деңгейінің және әдістемелік белсенділіктің өсуі;
	рефлексияның қалыптасуы, бастамалардың пайда болуы және әрі қарай оқуға дайындықтың артуы.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (31.03.2025 ж. № 59 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (28.06.2024 ж. № 165 бұйрығы редакциясында). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>

8.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

9.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

Негізгі әдебиеттер

10. Выготский Л. С. Ойлау мен сөйлеудің дамуы. – Алматы: Білім, 2019.
11. Запорожец А. В. Ерте жастағы баланың психикалық дамуы. – Мәскеу: Педагогика, 2018.
12. Лубовский В. И. Дамуында ерекшеліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. – Мәскеу: Академкнига, 2019.
13. Малофеев Н. Н. (ред.) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. – Мәскеу: Просвещение, 2020.
14. Шипицына Л. М. Ерте араласу: теория, диагностика және педагогикалық қолдау. – Санкт-Петербург: Речь, 2018.
15. Guralnick M. J. *Early Intervention for Children with Intellectual Disabilities*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2017.
16. McWilliam R. A. *Routines-Based Early Intervention: Supporting Young Children and Their Families*. – Baltimore: Brookes Publishing, 2016.
17. Dunst C. J., Trivette C. M. *Family-Centered Early Intervention*. – Asheville: Winterberry Press, 2018.
18. World Health Organization. *International Classification of Functioning, Disability and Health (ICF)*. – Geneva: WHO, 2001.

Қосымша әдебиеттер

19. Қазақстан Республикасында ерте қолдау қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2023.
20. Инклюзивті және ерте қолдау қызметі: отбасына бағытталған тәсіл (әдістемелік құрал). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰАО, 2024.
21. Баймұратова Б. Б., Нұрғалиева Г. К. Ерте жастағы балалардың дамуындағы қауіп факторлары және педагогикалық қолдау. – Алматы, 2022.

22. Sameroff A. *Developmental Systems and Early Intervention*. – New York: Springer, 2019.
23. Bruder M. B. *Early Childhood Intervention: Family-Centered Practices*. – Boston: Pearson, 2017.
24. UNICEF. *Early Childhood Intervention: Evidence and Practice*. – New York, 2020.

Электрондық ресурстар

25. <https://www.gov.kz/memleket/entities/oqu> – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты.
26. <https://special-edu.kz> – Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы.
27. <https://www.who.int> – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (МКФ, ерте даму материалдары).
28. <https://www.unicef.org/early-childhood-development> – ЮНИСЕФ-тің ерте бала дамуы және отбасына қолдау материалдары.
29. <https://ectacenter.org> – *Early Childhood Technical Assistance Center* (ерте қолдау тәжірибелері).